

ЕКІ ЕЛ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ЗОР

Елбасы Үндістан Премьер-Министрімен жүргізген келіссөздер қорытындысы бойынша мәлімдеме жасады. Қазақстан мен Үндістан арасындағы қарым-қатынастың келешегі зор. Бұл туралы кеше Ақордада елімізге ресми сапармен келген Үндістан Премьер-Министрі Нарендра Модиден кеңейтілген құрамдағы келіссөздерден кейінгі бірлескен мәлімдеме барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтты. – Елдеріміздің ынтымақтастығын одан әрі кеңейтуге қажетті әлеует өте зор. Сауда-экономикалық өлшем екіжақты қарым-қатынастың локомотиві болып саналады. Қазақстан – Үндістанның Орталық Азиядағы ең ірі сауда-экономикалық серіктесі, – деді Елбасы. Өткен жылы екі елдің арасындағы өзара тауарайналымы 1,3 млрд долларға жеткен. Бұл 2013 жылмен салыстырғанда 2 есеге артық. – Ақпараттық технология, мұнай-газ, ауыл шаруашылығы, атом энергиясы, фармацевтика салаларында бірлескен жұмыстан елеулі тәжірибе жинадық. Елімізде 2005-2014 жылдың арасында Үндістаннан тартылған тікелей инвестиция көлемі 200 млн доллардан асты, – деді ҚР Президенті. Елбасының атап өтуінше, бүгінде біздің елімізде Қазақстан мен Үндістанның 490 бірлескен кәсіпорны тіркелген. Оның 190-ы тек қана Үндістанның компаниялары болып саналады. – Н.Моди мырзамен жүргізілген келіссөздердің қорытындысы елдеріміздің қарым-қатынасының келешегі зор екенін көрсетіп отыр. Көптеген маңызды мәселелер бойынша ұстанымдар ұқсастығы, тұрақты әрі тығыз байланыстар, бір-бірін толықтыратын экономикалық екі елдің зор транзиттік-көліктік әлеуеті осыны айғақтайды, – деді Елбасы.

● ҚАБЫЛДАУ

ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚПЕН ҰТЫМДЫ БАЙЛАНЫС

Сейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев А.Сығанов атындағы ұлттық ғылыми хирургиялық орталық мамандарымен кездесті.



Шет елдерде білімін шыңдап, өз істерінің шеберіне айналып қана қоймай, бірнеше тілді еркін меңгерген аталмыш орталық дәрігерлері бүгінде жергілікті мамандарды оқытып, күрделі оталарды жасауға дайындап жатыр. Осыны тілге тиек еткен Қырымбек Елеуұлы облыстық денсаулық сақтау саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар мен жетістіктерді саралап, ұлттық ғылыми

хирургиялық орталықтың бас директоры Жеткерген Арзықұловқа ерекше алғысын білдірді.

– Облыстағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің күрделенуіне байланысты Елбасы бізге тікелей тапсырмалар берді. Соның негізінде аймақта қарқынды жұмыстар атқарылып жатыр. Денсаулық сақтау саласына да бөлініп жатқан қаражат көлемі жыл санап артып келеді. Мәселен, 2013 жылы 28 млрд теңге болса, бытыр 33 млрд теңгеге ұлғайды. Биыл да бұл деңгейден түсіріп алмауға жұмыс жасап жатырмыз. Оған қоса, Жеткерген Оңесұлы, өзініз бастаған бір топ дәрігерлер өңірімізге келіп, білген-түйгендерін ортаға салып жатыр. Алыс елді мекендерді аралап, халықпен тікелей байланыста болып, дәрігерлердің тәжірибесін арттырудағы еңбектеріңізге ризашылығымды білдіремін, – деді аймақ басшысы.

Жиын соңында, білікті мамандардан кеңес алып, білімдерін шыңдап жүрген бірнеше қызылордалық мамандар облыс әкімінің арнайы алғыс хатымен марапатталды. Ал әріптестеріне жасалып жатқан мұндай құрметке Жеткерген Арзықұлов та алғысын айтты. Білікті мамандардың басын біріктірген орталық пен аймақ арасындағы байланыс одан әрі арта түспек.

Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.

ЖАСТАР САЯСАТЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСПЕН НӘТИЖЕЛІ

Жастар мәселесі қашанда өзектілігін жойған емес. Оларды жұмыспен қамту, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру секілді жайттар ешқашан күн тәртібінен түскен жоқ. Облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлының төрағалығымен өткен жастар саясаты жөніндегі облыстық кеңесте де осы жағдай кенінен талқыланды.

Кенеске аудан әкімдері тікелей байланыс жүйесі арқылы қатысуға мүмкіндік алды. Бірінші болып сөз бастаған Арал ауданының әкімі Абзал Мұхимов, жастар саясатын жүзеге асыруда атқарылып жатқан жұмыстарын баяндады.

– Ауданда 75 мың халық тіркелсе, оның 20 мыңнан астамын 14 пен 29 жас аралығындағы жастар құрайды. Аудан бойынша жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 5,2 пайызды көрсетіп отыр. Биыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тіркелген жастардың 95 пайызының өтінішін қанағаттандырдық. Ал «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша 4 жас маманға 600 мың теңгеге жуық қаржы беріліп, бүгінде үшеуі білім, біреуі медицина саласында ауылдық жерлерде халыққа қызмет көрсетуде, – де-

Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.

Сыр бойы

9

ШІЛДЕ
БЕЙСЕНЫ

2015 жыл
№99 (18987)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

www.syrboyi.kz



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

● ОБЛЫС БАЛЫҚШЫЛАРЫНЫҢ І СЛЕТІ ҚАРСАҢЫНДА

АЙДЫН КӨЛДІ АЯЛАҒАН

Үстіміздегі жылғы 11 шілдеде Арал ауданының Қамбаш көлі жағасында облыс балықшыларының бірінші слеті өткізіледі. Айтулы шараға қатысушылар саланың тарихына қатысты жәдігерлермен, балық өнімдерінің көрмесімен танысады. Слетте еңбек озыттарын марапаттау шаралары өткізіліп, балық аулау мен есекті қайықпен жарыс сайыстары ұйымдастырылады. Сонымен бірге слетке қатысушылар гала-концертті тамашалайды. Ал 10 шілде күні Қазалыда БҰҰ Даму бағдарламасы облыс әкімдігімен бірлесіп аймақта балық шаруашылығын және тауарлы балық өндірісін дамыту мәселелеріне арналған семинар-кеңес өткізеді.



Узын бойлы, сом тұлғалы отағасымен бетпе-бет жүздескенде іштей қайран қалдым. Жасы жетпістің мол ортасындағы көкеміздің қимыл-қозғалысы тым ширақ. Салалы саусақтарының тегеуріні темірдей. Жастайынан еңбектің қазанында пісіп-жетілгені байқалып тұр. Әлі күнге ау салып, ескек есіп, бақша егіп, пішен орады екен. Қыста жылым тартып, үкі ояды.

«Біздің әкей сүйменмен мұз ойғанда анау-мынау жас жігіттер ілессе алмайды. Сүйегі асыл, табиғаты ерекше жаратылған адам» дейді ортаншы ұлы, танымал дәстүрлі әнші Әзілхан ініміз. Оның даусынан әкеге деген құрмет, мақтаныш лебі есті. Маған үлгі тұтар асқар тауыңның жанында жүргені қандай ғанибет деген ой келеді.

Әңгімеміздің өзегіне айналған Нағашыбай Мақсатбаев асқаралды ауылдастары ерекше қадір тұтады. Оған себеп те жоқ емес. Қазақта “Құт қонып, қылды дарыған” деген сөз бар. Мақсатбаевтарды да сырт көз бақыт қонған әулет деп есептейді. Нағашыбайдың өзі көпбалалы отбасынан шықса, өмірлік серігі Жұпар екеуінен тараған ұл-қыздары да өсіп-өніп, рулы елге айналды. Тек, тіл-көзден сактасын. Лақапалыдақ мектептің әр сыныбында Мақсатбаевтардың қарадомалақтарын кездестіруге болады. Нөкеннің әулеті ынтымағы жарасқан жандардан

құралған. Қарашаңырақта ағайынды жігіттер, бірнеше келін ұзақ уақыттан бері еншілерін ажыратпаған қалпында жарасымды тірлік кешуде. Баршасы Нағашыбай ағаның қас-қабағын бағады. Алайда бауыры бүтін пенде жолықпасы анық. Іргелі әулеттің ұйытқысы Жұпар анамыз мұнан бірнеше жыл бұрын дүниеден озды. Осынау үлкен- кішіге тегіс сыйлы аяулы жанның ауыр қазасы бәріне, әсіресе Нағашыбай көкемізге аса қиын тиді. Десе де, қайсар мінезіне салып мойымады. Өзіне жүктелген әулет жауапкершілігін жан-дүниесімен ұғынды. Қарт қыранша дүр сілкінді. Қолға алған тірлікті жарты жолда қалдырмауға бел булды. Бауыр етінен жаралған перзенттері жүкті бірге бөлісті.

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. Нағашыбай жетекшілік жасайтын «Мақсатбай» шаруа қожалығы қазір төрт аяғын тең басуда. Құрылғанына біршама жыл болған ұжым өткен жылдың өзінде 1,5 тоннадай балық аулады. Талай облыс, аудан басшылары тарапынан марапаттар иеленді. Нағашыбай ағаның Ақкөлді жаңға алып, осы кәсіппен шұғылданғанына 20 жылға қадам басыпты. Ешкімнен кәсібіне байланысты теріс әңгіме естіген емес. Көл қолға тигенше үздені үйіп-төгіп, соңынан қолға шырақ алып іздесен таптырмайтындарға жаны мүлде қас. Осы аралықта өзінің міндеттемесіндегі көлді суланды-

ру, балық қорын молайту, шабақ салу, басқа да міндеттемесін орындамаған сәті әсте кездеспепті. Бұл сөзіне ісі қереғар әлдекімдерге сабақ болары хақ.

Ақкөл болса Қуандария жүйесі арқылы суландырылады. Айдын аумағының басым бөлігі пайдаланылуда. Нақты кезеңде секундына 23 текше метр су құйылуда дейді білетіндер. Ағамыздың псіенттілігімен көлдегі балық түрі 14-ке дейін жетті. Олардың арасында өте сирек кездесетін қаз, ақ амур, дөңмаңдай тәрізді бағалы түрлері өсіп, көбеюде. Кереметі көлдегі балықтар егіс алқаптарында қалған су көздерінен алынады. Бұл – бір жағынан шабақтарды жаппай қырылудан сақтаса, екіншіден су маржанының санын ұлғайтудың тиімді жолы.

Шаруа қожалығы ешқандай несиесіз-ақ қыруар істі өз қаражаттарына бітіріп жатыр. Балық аулау құралдары, қайық жеткілікті. Ұжымдағы 5 адам жылдық балық аулау лимиті он тоннаны толық орындап, ауланған балықты аудан орталығына жіберуді ұйымдастырды.

Іске сәт, Ақкөлдің алып адамы. Ауларыңыз майлансын, балықшы қауым.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯ

АЙМАҚ ДАМУЫНДАҒЫ АЙШЫҚТЫ ҚАДАМДАР

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫ ЖАЙЛЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Қызылорда облысында мұнай қорының сарқылып, азая бастағаны белгілі. Мұнай таусылған соң облыстың жағдайы нашарлап қалмайды ма? Облыс экономикасын дамыту бағытында қандай шаралар атқарылуда?

Аида Мыңбаева.

Жалпы ішкі өнімде облыстың өнеркәсіп өндірісі соңғы 20 жылда 3-тен 50 пайызға дейін артты. Дегенмен, соңғы жылдары облыстағы ірі мұнай компанияларының ұңғымаларында мұнай қорының азайып, сулануы салдарынан мұнай өндіру көлемі жыл сайын 2-3 пайызға төмендеуде. Облыстың экономикасын сапалы жана деңгейге шығару үшін, мысалға, металлургиялық кластер құру бойынша жұмыстар басталды. Айта кететін жайт – бұл мақсатта өңдеу өнеркәсібі облысымыздағы соңғы 2,5 жылда 86 %-ға өсті. Бұл республика бойынша өте жоғары көрсеткіш. Экономикамызды әртараптандыру – біз үшін бірінші кезектегі мәселе.

Қазіргі таңда Шалқияда кен-байыту фабрикасында жөндеу, дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқандығын білеміз. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Шалқия-цинк» өз жұмысын бастап, кейін тоқтап қалып еді. Осы фабрика да соның кейін күйіп, жабылып қалмай ма деп қорқамыз. Өндіріс орнының болашағы туралы айтып өтсеңіз. Осы кен орнына жергілікті тұрғындардың жұмысқа тұруына мүмкіндік бар ма?

Ердос Ибадуллаұлы Тауенов.

Қазір «Шалқия» қорғасын-мырыш кенішін «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп игерудеміз. Жылдық қуаты 2 миллион тоннаны құрайтын тау-кен байыту комбинатының бірінші кезеңінің құрылысы және өндіріске қажетті газтурбиналық электрстанцияның құрылысын бастауға кірісіп кеттік. Бұл жұмыстарға 1 мыңға жуық адам тартылуда. 2017 жылы кен-байыту комбинатының

● ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ

СЫР ПАЛУАНДАРЫ СЕНІМДІ АҚТАДЫ



Астана қаласында 4 шілде күні Елбасы Н.Назарбаевтың жүлдесі үшін «Қазақстан Барысы» республикалық турнирі өткізілді. Айтулы додада республикамыздың барлық аймағынан келген 33 палуан өзара бақ сынасты.

Биылғы бесінші мәрте өткізіліп отырған қазақ күресіне жерлестеріміз Руслан Әбдіразақов пен Нұрмы Сәлімгереевтер қатысып, Сыр жұртшылығының сенімін ақтады.

Палуандар Р.Әбдіразақов күміс жүлде иегері атанса, Н.Сәлімгереев «Женіске деген жігері» номинациясына лайық деп танылып темір тұлпарға көл жеткізді. Дүйсенбі күні қос палуанымыз бен бапкері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы С.Мұстафаев «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында болды. Сондай-ақ, БАҚ өкілдерінің бұқаратұрақтарына жауап беріп, қуаныштарымен бөлісті.

«Қазақстан Барысы» V республикалық турнирінің жалпы жүлде қоры 225000 АҚШ долларын құрайды. Оның 35000 доллары жаттықтырушыларға тағайындалған. Палуандар арасындағы тартысты бәсекеде қарсыластарынан айласын асыра білген астаналық Ғани Сейділдіаев қола жүлдеге, Сыр палуаны Руслан Әбдіразақов күміс жүлдеге қол жеткізсе, тараздық Бейбіт Ыстыбаев «Қазақстан Барысы» атағына лайық деп та-

нылды. Сондай-ақ, Елбасы қазақ жігіттерінің спортқа деген қызығушылығына өз алғысын айта келе, Б.Ыстыбаевқа тәйтұяқты табыстады. Жиын барысында қос палуан мен бапкері күрес кезіндегі айла-тәсілдердің қай деңгейде жүзеге асып жатқанынан және алға қойған мақсаттарымен бөлісті. Алдағы уақытта Руслан үшін Рио-де Жанейрода өтетін Олимпиадаға жолдама алу мүмкіндігі тұр. Ал Нұрмы уақытша демалыстан соң қайта жаттығу жұмыстарына кірісетін болады. Сондай-ақ, ол биылғы алғаш қатысып отырған «Қазақстан Барысынан» көптеген тәжірибе жинағанын айтады. Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы С.Мұстафаев келесі жылғы «Қазақстан Барысына» Сыр елінің атынан қай палуан шығатыны белгісіз екенін атап өтті. Себебі, өңірімізде бірінен-бірі айласын асыра білетін түйе палуандарымыздың қатары көбеюде. Қазақ күресіне деген жастарымыздың ынтыас артса, ұлттық спортымыздың дами түсеріне біз де сенімдіміз.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

АЙМАҚ ДАМУЫНДАҒЫ АЙШЫҚТЫ ҚАДАМДАР

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫ ЖАЙЛЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Сәлеметсіз бе, Қырымбек Елеуұлы! Мен екі баланың анасымын. Алла қаласа, үшінші баламды күтуөміз. Осыған дейін екі баламды балабақшаға кезекке тұрғандар саны жылдан жылға артып отыр. Бірақ қазір жаңалықтардан күнде бір балабақша ашылып жатқанын көреміз. Балабақшаға кезекке тұру мәселесі қалай болып тұрғанын білгім келеді.

Айгерім Әбдіғанпарова.

Былтыр мемлекет пен жеке кәсіпкерлердің күшін біріктіріп, ынтымактаса жұмыс істеудің арқасында 130 жаңа балабақша ашылды. Аймақтағы балабақшалар мен шағын орталықтардың жалпы саны 611-ге жетті. Онда 42 мыңнан аса бала тәрбиеленіп жатыр. «Балапан» бағдарламасы бойынша балалардың 92,2 пайызы балабақшамен қамтылды. Ал мектепке даярлық бойынша көрсеткіші 100 пайызға жетті. Енді біздің алдымызда бір және үш жас арасындағы бүлдіршіндерді балабақшамен қамтуды көтеру міндеті тұр. Осы жылдың соңына дейін 3-6 жастағы бүлдіршіндерді балабақшамен толық қамтамасыз етіп, 100 пайызға жеткізу жоспарлануда.

Қызылордада талай жылдан бері жыр болып келген шыны зауыты салынатынығы белгілі болып отыр. Бірақ бұған дейін де шыны зауыты салынатынығы айтылып, тіпті тұсауқесер рәсімдері де өткізілген. Осы жоба тағы да аяқсыз қалмайды ма? Және зауытқа жұмысқа қалай қабылдмақсыздар?

Лаура Тоғызбасва.

Көптен күткен шыны зауытының құрылысы қоғамдық тіпті бұрынғы-қазіргі облыс әкімінің жұмысын бағалайтын индикаторға айналды, сондықтан сұрағыңыз өте орынды. Қызылорда қаласындағы индустриалды аймақтан аталған зауытқа арнап жер бөлінді. Барлық қажетті құжаттары әзірленіп, келісімдерге қол қойылды. Соның нәтижесінде, 52 миллиард тенге тұратын шыны зауытының құрылысы басталды. Жоспар бойынша жоба 2017 жылы іске қосылатын болады. Бүгінде Қазақстан тұрмысқа қажетті шыныларды (табақша шыны) Қытай, Ресей, Қырғызстан және Түркиядан сатып алып отыр. Ал біздің жобамыз жүзеге асқан жағдайда жылына 200 мың тонна шыны шығаруға мүмкіндік болады. Осы арқылы ішкі қажеттіліктің 70 пайызын өтеп, қалған 30 пайызын Орталық Азия елдеріне экспорттаймыз. Зауыт іске қосылғанда 300-ге жуық жаңа жұмыс орны құрылатын болады.

Ассалаумағалейкум, Қырымбек Елеуұлы! Мен көзімді ашақлы мал шаруашылығымен айналысып, сонымен күн көріп жүрген шаруамын. Асылтұқымын мал бағып, көбейтумен айналысамын. Енді ет пен сүт өнімдерін экспортқа шығарайық десек, оған қолбайлау болып отыр. Жақында бір сұхбатыңыздан облыстың буферлік аймақтаң шығару үшін жұмыстар жасалып жатқанын оқып өйді. Сол жұмыстар жақын арада аяқтала ма? Және тағы бір сұрағым бар еді. Мал азығын сатып алу шаруалар үшін үлкен шығын, бағасы да шарықтап тұр. Мал азығымен қамтамасыз етуде жеңілдіктер қарастырыла ма? Осы жағынан көмек бола ма екен?

Зулпахыр Сыздықов.



Үстіміздегі жылы облыс аусыл ауруынан (бруцеллез) буферлік аймақтан шығарылатын болды. Бұл өз кезегінде облыстың мал шаруашылығын жоғары деңгейде дамытып, оның өнімдерін экспортқа шығаруға жол ашады. Сонымен бірге, қуаты жылына 7 мың тонна қой етін өндіетін ет комбинатын салу жұмыстары қолға алынды. Оған қоса жайылымдық мал шаруашылығын дамыта отырып, ірі мал бордақылау алаңдары салынатын болады. «Ірі кара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру» жобасы аясында облыс бойынша 100 тонна ірі кара мал етін экспорттау жөнінде Ауыл шаруашылығы министрлігімен меморандумға қол қойылды. Осыған сәйкес, ағымдағы жылы етті экспортқа шығару мақсатында Қызылорда қаласынан «Ет-сүт өнімдерін өңдеу орталығы» құрылды. Екінші сұрағыңыз бойынша, шаруалардың мал азығымен қамтамасыз

етуде жеңілдіктер қарастырылғанын айтқым келеді. Жыл сайын облыс көлемінде мал басының көбеюі өз кезегінде құрама жем зауытының қажеттілігін арттыруда. Осы себепті жақында Қызылордала тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіретін зауыт ашылды. ҚР АШМ-нің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығына сәйкес мал шаруашылығын дамытуға облыстық бюджеттен 2250,0 млн тенге қаржы қаралған. Осы бөлінген қаржының ішінде шаруашылықтардың құрама жем, жем қоспаларын, ірі және шырынды азықты дайындауға немесе сатып алуға кеткен шығындарын ішінара арзандатуға субсидия бөлініп отыр.

Елбасының ерекше қамқорлығы арқасында Кіші Арал теңізі суының қалаға 17 шақырым жақындағандығын көзіміз көріп отыр. Теңіздегі балық түрлері көбейіп, балықшылар ата кәсібіне қайта оралды. Осыған орай САРАТС жобасының екінші кезеңі бойынша қандай жұмыстар жүргізу жоспарда бар?

Рысқали Маханов.



Елбасының тікелей тапсырмасымен жүзеге асқан, ғасыр жобасы атанған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» САРАТС жобасының бірінші фазасының жүзеге асуы Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына мүмкіндік бергені белгілі. САРАТС-2 жобасын жүзеге асыру Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді, атап айтқанда:

- Аумағы 63 мың гектар болатын суармалы жерлер тұрақты сумен қамтамасыз етіледі;
- 250 мың гектарға жуық жайылымдар мен шабындық жерлер суландырылады;
- 15 мыңнан аса халық тұратын елді мекендер су басудан қорғалады;
- Қазалы ауданы Бірлік ауылы маңынан автомобиль көпірін салудың нәтижесінде жыл бойы қауіпсіз автокөлік байланысымен қамтамасыз етіледі;
- Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі және өзен сағасындағы жалпы ауданы 34 мың гектар болатын көлдер сумен қамтамасыз етіледі;
- Солтүстік Арал теңізінің су басу ауданы 3151 шаршы шақырымнан 4645 шаршы шақырымға дейін ұлғаяды;
- теңіздегі судың көлемі 27,1 текше шақырымнан 51,17 текше шақырымға дейін ұлғаяды;
- балық аулау көлемі 30000 тоннаға жетеді;
- балық шаруашылығы саласында 3 мыңға жуық жаңадан жұмыс орындары ашылады;
- теңіз айдыны мен Арал қаласының арақашықтығы 1 шақырым болады;
- Бүгінгі күні, САРАТС-2 жобасы бойынша сыртқы қарыз алу жөнінде Дүниежүзілік Банктен келіссөздер оң нәтижемен аяқталу үстінде.
- Жас отбасыларға жыл сайын тұрғын үйлер беріліп жатыр. Мен де жас отбасы ретінде тұрғын үйді ала аламын ба? Биыл жас отбасыларға қанша пәтер беру жоспарлануда?

Ердос Тауенов.

Көптеген тұрғындардың баспана мәселесіне алаңдаушылығы бар екенін білеміз. Халықты, соның ішінде тұрғын үй көмегіне мұқтаж адамдарды баспанамен қамту әрдайым Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айрықша назарында. Өткен жылы тек Қызылорда қаласында 364



пәтерді пайдалануға бердік. Биылғы жыл соңына дейін 2406 пәтерді пайдалануға беруді жоспарлап отырымыз, немесе өткен жылдармен салыстырғанда 8 есесей артық. Облыс бойынша бұл көрсеткіш 3,5 есе өседі деп күтілуде. Қазір тұрғын үй кезегінде тұрған адамдардың саны әлі көп. Егер дағдарысқа қарамай осы қарқынмен тұрғын үй құрылысын арттыра беретін болсақ, барлық қажеттілікті өтейтін боламыз. Бұл мәселеге қатысты өзге де мәліметтерді БАҚ-тан және қалалық әкімдіктің интернет ресурсынан біле аласыз.

Мен Қызылорда қаласының тұрғынымын. Тұрғын үй салу үшін 2007 жғылы жер алуға кезекке тұрғанмын. Білейін дегенім, қала ішінен 2007 жылы кезекке тұрған адамдарға қанша жер берілді? Қай жерден?

Рысқұл Төреева.

Сәлеметсіз бе?! Қазіргі таңда 2004 жылғы кезекте тұрған азаматтардың өтініштері қанағаттандырылып жатыр. Ал, 2007 жылға дейінгі кезекте тұрған азаматтардың саны 16 366. Заңға сәйкес, қандай да бір объектілерге берілетін жер учаскелері бекітілген қала құрылыстық құжаттарға, яғни бас жоспарларға, даму сызбаларына және егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына сәйкес табысталады. Сонымен қатар, өтінімдер арнайы есепке алынып және жеке тұрғын үй құрылысы үшін табыстالاتын алаңдардың дайын болуына қарай берілетін болады. Жобасыз, инфрақұрылымы шешілмей жер берілмеуі керек. Өйткені, обал емес пе, үйін салып алған бірақ, жерлестеріміз үйлеріне кіре алмай жүрген жағдайлары бұрын болған екен. Бәрі тәртіптен іске асуы керек.

Қызылордада шағын бизнес өкілдерін қолдау мақсатында «Ақниет» бағдарламасының жүзеге асып жатқандығынан хабарымыз бар. Осы жайлы толығырақ білгіміз келеді.

Жанна Самұратова.

Жергілікті әкімдік пен «ЛУКОЙЛ Оверсиз Сервис Б.В.» компаниясы бірлесіп жүзеге асырып жатқан «Ақниет» бағдарламасы арқылы Сырдария, Жалағаш және Қармақшы аудандарында кәсібін жаңа бастаған ауыл тұрғындарына 1 млн. теңгеге дейін қайтарымсыз грант беріліп жатыр. 2013 жылы 80 ауыл тұрғынына жалпы көлемі 35 млн теңге грант берілді. Бағдарламамын алғашқы кезеңінде аудан орталықтары мен ауылдарда шахтараздар, тігін цехтары, тұрмыстық техникаларды жөндеу орталықтары, жиһаз және конди-тер цехтары, дәріханалар, стоматологиялық кабинеттер, балалар ойын-сауық орталығы, ауыз мектебі, шағын балабақшалар сияқты нысандар көптеп ашылды. 2014 жылы тағы 96 кәсіпкер 46,1 млн теңгенің грантына ие болды. Қазір ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерден өтінім қабылдау аяқталып қалды. Осының екінші деңгейлі банктен несие алуға мүмкіндігі жоқ ауыл тұрғындарына өз ісін бастауға мүмкіндік беру үшін жасалып отыр. Олар осы арқылы әлі талай табысқа қол жеткізеді.

Мен Байқоңыр қаласының тұрғынымын. Балам Байқоңыр қаласындағы қазақ мектебінде оқиды. Қазақ мектептерін қазақстандық оқу стандартына көшіреді деп естітім. Оны қуана құптаймын. Себебі баламның болашақта Қазақстанның ЖОО-ларынан білім алғанын қалаймын. Бұл мектептер қанша қазақстандық оқу стандартына көшіріледі?

Лаура Әзірбасва.

Алдағы оқу жылынан бастап Байқоңыр қаласындағы 6 мектеп қазақстандық білім беру стандарттарына көшеді. Бұл мақсатқа қажетті қаржының мәселесі республикалық бюджеттен шешілген. Қазіргі таңда Байқоңыр қаласындағы 6 қазақ тілінде оқытылатын білім ұйымдарын ҚР ба-лансына алу, алыс-беріс жұмыстарын 2015 жылдың 1 тамызына дейін аяқтау көзделуде.

Сәлеметсіз бе, Қырымбек Елеуұлы! Менің білгім келгені, облыста қалдық өңдеу зауытын салу туралы бастама бар ма? Жалпы осы мәселенің шешімі жайлы ойыңыз қандай? Қазір жасыл технология, энергия көздерінің баламалы түрлерін жасау күн тәртібіндегі басты мәселе ғой. Елімізде екі жылдан кейін өтетін «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің де басты мақсаты осы емес пе?

Серік Сереев.

Қалдық өңдеу зауытына қатысты мәселе жақын арада толық шешіледі. 2014 жылы Еуропалық даму және қайта құру банкімен облыста осындай зауыт құрылысын салу жөнінде алдын ала келісімдер жасалған болатын. Жобаға сәйкес қалдықтарды механико-биологиялық өңдеу кешені мен жаңа санитарлық полигон салынады. Қазіргі уақытта Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге ғтн қорының гранттық қаржысы бөлінді. ТЭН жөніндегі кенештің таңдалып, алғашқы мәліметтер жиынталу үстінде. Бұл облыста тұрмыстық қалдықтарды өңдеу зауытының құрылысын бастар құн алыс еместігін аңғартады. Сонымен қатар, жаңа зауыт аймақта бизнестің бір көзіне айналады деп ойлаймын.

Сәлеметсіз бе, құрметті Қырымбек мыр-

за! Менің сұрағым медицина саласына қатысты еді. Алдымен ана мен бала денсаулығына қамқор болып, Қызылордадан заманауи «Ана мен бала орталығын» ашып бергендеріңіз үшін Елбасына және Сізге алғысымды айтқым келеді. Және де Сізге бір өтінішім бар еді. Экологиялық ахуалға байланысты мен сияқты көптеген қыз-келіншектер бала сүйе алмай жүр. Алматы, Астанаға барып емделуге қалтамыз көтермейді. Квотамен бару үшін тіркелген адамдар саны көп, ал жол-дамалар жеткіліксіз. Сондықтан квоталар саны мүмкіндігінеше ұлғайтылса екен деймін.

Жәмилә Әбдіраймова.



Сұрағыңыз өте орынды. Қазіргі таңда Қызылорда облысы бала туу көрсеткіші бойынша республикада үшінші орынды иеленеді. Дегенмен, ана болу бақытына жете алмай жүргендер де бар. Сондай-ақ, бұрын аймағымызда адам өлімі мен бала шетінеуі жоғары деңгейде еді. Соған байланысты 2013 жылы «Денсаулық сақтау жол картасы» жасақталды. Онда облысымыздың денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары қарастырылды. Нәтижесінде аурушандық көрсеткіштері азайып, бала өлімі 34,7 пайызға төмендеді. Бұл көрсеткіш бойынша біз республикада маңдайайдағы аймақтар қатарындамыз. Өйткені, дорігерлеріміз баланы алғашқы күндерінен-ақ күтіп-баптап, аман-сау сақтап қалуға күндерінан салады. Тағы бір айтар жағымды жаңалығым бар. Осы жаңадан салынған заманауи перинаталдық орталығы жынынан жақын арада жасанды ұрықтандыру орталығы ашылатын болады. Сөйтіп, азаматшаларымыз басқа қалаларға бармай-ақ, өзімізден бала сүю қуанышына бөлене алады. Өрине, орталық ашылып толық іске қосылғанша квота санын да мүмкіндігінше ұлғайтуға тырысамыз.

Қызылорда қаласында дарияның сол жағалауын игеру мәселесі БАҚ беттерінде аз жазылған жоқ. Осы мәселеге тоқталып өтсеңіз.

Гүлнур Смайлова.



Қызылорда қаласындағы Сырдарияның сол жағалауын игеру жобасы ел Үкіметі бекіткен «Қызылорда қаласының бас жоспарына» сәйкес жүргізілетінін айта кетугіміз керек. Жалпы 1532 гектар аумақты қамтитын жобаның алғашқы кезеңін жүзеге асыруда мәдени-танымдық бағыттағы нысандарға баса мән беріледі. Сол жағалаудан үлкен театр аренасы, төрт астананың музейлік-этнографиялық кешені, Қорқыт ата интерактивті музейі, балалар шығармашылығы орталығы, ауыз мектебі, цирк, драмалық театр, «Құстар әлемі» оранжересы, медиа орталық салынады деп жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, 15 мың адамдық стадион, жеңіл атлетика манеждері, спорт академиясы, жүзу бассейні, скейт, велосипед, ролликке арналған жолы бар балалар спорттық паркі, түрлі алаңдар салынады. Сауда орталықтары, дәмханалар мен мейрамханалар, ірі дүкендер бой көтереді.

Гимараттар құрылысында жергілікті климат ерекшеліктері ескеріледі. Мысалы, балкондардың барлығы жабық үлгіде салынады.

Ең бастысы, біз 90 мың адамға арналған сол жағалау құрылысында ұлттық нақыштын мол болуына баса мән береміз.

Құрметті Қырымбек Елеуұлы! Сіз облысқа

әкім болып келгелі қаламыз жақсарып келеді. Жұмысыңызға сәттілік тілей отырып, бізді мазалап жүрген мәселені жеткізгіміз келеді. Қалада мәдени-демалыс паркі біреу ғана. Парк жекеменшікке беріледі деп естіп едік. Осы рас па? Өзіңіз білесіз, кезінде бұл парк жекеменшікке кетіп, жағдайы нашарлап кеткен еді. Мемлекет оны кері қайтарып, жаңа аттракциондар орнатылды. Қазір ол балаларымыздың бос уақытын қызықты өткізетін орынға айналды. Егер парк расында жекеменшікке жіберілсе, оның болашағы қандай болады? Жекеменшікке жібермеудің жолы бар ма?

Базар Орманова.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы №280 «Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» қаулысымен еліміздегі жекешелендірілетін нысандардың тізімі жарияланып, ол 2014-2016 жылдарды қамтитын болды. Аталған тізімге қалаға қарасты «Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық мәдени және демалыс паркі» МКК енгізілген. Осы қаулыға сәйкес паркті жекешелендіру 2016 жылдың қараша айына белгіленген. Ал паркті жекешелендірмеу Қазақстан Республикасының жоғарыда көрсетілген қаулысына өзгеріс енгізілген жағдайда болады. Алайда, бүгінгі күнге осы мәдени-демалыс паркін жоғарыда аталған жекешелендіруге жататын тиістіпорындардың тізімінен алып тастау жөнінде тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқандығын хабарлаймыз.

Арал ауданындағы ескі киіз үйлер алынып, олардың орнына жақсы демалыс орындары салынып жатқанын көріп, қуандымыз. Қазір Қамбаш көліне жан-жақтан адамдар келіп, тынығуда. Лагерь жанынан пансионат ашылды. Ауылымыздың болашағы зор. Жалпы Қамбашта демалыс аймағы ретінде тағы да қандай жобаларды іске асыру жоспарыңызда бар?

Нұралы Оспанов.

Арал ауданында Арал теңізі және Қамбаш көлінің орналасуы аудан көлемінде туризм саласының дамуына зор мүмкіндік береді. Облыс көлемінде туристік кластерді дамытуға басымдық беріліп отырған «Байқоңыр» ғарыш айлағына аудан арқылы теміржол және автокөлік жолдары жүргізілген. Осыған орай Арал, Қазалы аудандарынан 24 кәсіпкер тиесілі жер телімдерін алып, құрылыс жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстар атқарып, алғашқы 25 млн теңгеден астам инвестиция құйып отыр. Қазіргі таңда, демалыс аймағында үлкенді-кішілі 80-ге жуық нысандың құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар Қамбаш демалыс аймағына туристер үшін салынатын құрылыстарға (қонақ үй, асхана, бунгалдар, пирс, т.б.) ауданымыздың республика көлемінде тұратын танымал кәсіпкер азаматтарын инвестор ретінде тарту жұмыстары жүргізілуде. Аталған жұмыстардың барлығы бекітілген «Қамыстыбас» демалыс аймағының бас жоспарына сәйкес жасалатын болады.

Қадаағы «Муз айдыны» спорт кешенін электр энергиясымен қамту үшін тартылатын жоғары кернеулі электр желісі бааны біздің көшемізден жүргізілетінін жақында ана білдік. Қазір тұрғындар арасында «Бұл жоба жайлы неге ертерек хабарланармады?» деген сауал туындап отыр. Біріншіден, бұл жоба, біздің ойымызша, құрылыс және санитарлық талаптарға қайшы келеді. Екіншіден, тұрғындар денсаулығы үшін өте қауіпті. Үшіншіден, салдары ауыр электромагниттік алаң пайда болады. Төртіншіден, радио және телекоммуникация желісінде ірікілі пайда болуы мүмкін. Ең бастысы, біз, тұрғындар жоғары кернеулі желі астында қалай өмір сүреміз? Мұндай жобаға қол қойған кім? Демесінов көшесі тұрғындарының денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін, құрылыс және санитарлық талаптарға сәйкес емес бұл жоба қаншалықты қажет? Біз, яғни, көше тұрғындары, бұл жобаны дария жағалауына жақын аумаққа көшіруге әлі де кеш емес деп ойлаймыз.

Демесінов көшесі тұрғындары атынан

Жәмилә Әлнеев.

Қаланы сол жағалаумен байланыстыратын жаңа көпір құрылысына сәйкес жоғары кернеулі әкі желі тартылып жатқаны рас. Оның бірі – «Муз айдыны» спорт кешенін, екіншісі – көпқабатты үйлерді электр энергиясымен қамтамасыз ететін болады. Желіні тарту барысында электр қондығыларды орнату талаптарының барынша ескерілгенін айта кеткенді орынды көріп отырмыз. Жобаны жүзеге асырушы «Энерголукс» компаниясы барлық өкілетті мемлекеттік органдардың мақұлдамасын алған. Желі бұл аумақта тұратын тұрғындар денсаулығына нұқсан келтіреді деп алаңдауға негіз жоқ. Ал сіз айтып отырған электромагниттік алаңдар 110кВ-дан жоғары кернеуде пайда болады.

Дегенмен де, Сіздің осы сұрағыңызға орай мен тиісті мемлекеттік органдарға тағы бір мәрте қайталама сараптама жасауды тапсырамын.

МЕРЕКЕДЕ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛДЫ

Елдігіміздің нышаны, береке-бірлігіміздің ұйытқысы – Астана күніне орай Сырдария ауданының мәдениет саласы жаңа нысанмен толығып, С.Сейфуллин ауылында 150 орындық клуб ауыл тұрғындарына есігін ашты. Клуб құрылысын мердігер «Орион LTD» ЖШС жүргізді. Жобаның жалпы сметалық құны 172 млн теңгені құрайды. Биылғы жылы аудандық бюджеттен жаңа клуб ғимаратына сахналық жабдық, музыкалық аппаратура сатып алуға 5 млн теңгеден астам қаржы бөлінген. Мекемде 8 қызметкер жұмыс жасайды. Сондай-ақ, «Ән үйірмесі», «Домбыра үйірмесі», «Жас калам» жас жазба ақындар үйірмесі, «Кобыз үйірмесі» жұмыс жасайды. Жалпы қазіргі таңда Сырдария ауданы бойынша барлығы 35 мәдениет мекемесі халыққа қызмет көрсетуде.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

Сырдария ауданы.



«Жібек жолы» сауда орталығында облыс әкімдігі және жергілікті қамтуды дамытудың ұлттық агенттігі “NADLoS” акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен флеш-моб өткізілді.

ЖАСТАР ОТАНДЫҚ ӨНІМДІ ҚОЛДАЙДІ

Отандық өнімге арналған бұл шара республикамыздың барлық аймағында ұйымдастырылып, 17-27 жас аралығындағы жастар белсене атсалысуда. Ал, Сырда өткен шараға қатысушылар «Қазақстанда жасалған» деген жазуы бар киімдер киді. Сонымен қатар Әли Оқапovsky – «Биле», Ер-болат Құдайбергеновтің – «Мен қазақың»,

Қайрат Нұртастың – «Жаса, Қазақстан», Қайрат Баскеновтың – «Махаббат», Маржан Арапбаеваның «Иә, солай» әндеріне билер ұйымдастырды.

Айжан БОХАН,
Сүлейман Демірел университетінің студенті.

ТАРИХИ КҮНДЕРДІҢ КҮЭСІ БОЛДЫҚ

Қасиетті де киелі оңтүстік өңіріндегі Отырар ауданынан түлеп ұшып, Алматыда казак теледидарында ұзақ жылдар жауапты қызмет атқардым. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен мәдени өмірінен күнделікті хабарлар, бей-несюжеттер көрсетіп, көрермен халыққа жеткізіп отырдым.

Қызмет бабында Елбасы-мен Қазақстанның барлық облыстарын аралаппын, шетелдердегі іссапарларында да бірге болып, арнайы репортаждар әзірледім.

Сондай бақытты күндердің бірі – 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихындағы тұңғыш Президент сайлауында Нұрсұлтан Назарбаевтан арнайы сұхбат алдым. Ол бүкіл казак эфиріне таралып жатты және сол күнгі республикалық газеттердің бірінші бетінде сұхбатым суретімен

жарыққа шықты. Міне, мен үшін қуанышты сәт.

Екінші бір кезең – еліміз Тәуелсіздік алғаннан соң 1992 жылы мені Елбасы қабылдап, шетелге аккредитацияға тіркелген тұңғыш казак тілшісі Түркияға қызметке жіберді.

Түркия Президенттері Тұрғыт Озал, Сүлеймен Демирел мырзалардан барған бойда сұхбат алдым. Ол Қазақстанның ақпарат құралдарында көрсетіліп жатты. Түрік елінде қызметте жүргенімде Елбасы туралы түрлі түсті фотоальбом, Қазақстан мен Түркия туралы кітап шығаруға қа-тыстым. Қазақстан мен оның көреген көшбасшысы туралы деректі фильм жасауға үлес қостым. Бұл мен үшін ұмытылмайтын күндердің бірі еді.

Түркияда Ыстамбұл қаласында ұзақ жылдар дипломатиялық жұмыс-



Ержан УӘЙІС, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

та елшілікте Қазақ Бас консулы қызметін атқардым. Мен үшін мерейлі тағы бір сәт Елбасы қолынан «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері» деген құрметті атақ пен мемлекеттік марапат алдым. Бұдан артық қамқорлық жоқ шығар.

Қазір Қызылорда облысында Елбасының саясаты туралы және өзім түсірген суреттерден Елбасы туралы әр кезеңде фотокөрме


ұйымдастырамын.

Осылайша мен Елбасымен жүздеу мәртебесіне сан мәрте ие болып-пын. Тұңғыш Президенттің қолдауы мен сенімі мені үлкен биіктерге шығарды. Бұл маған тағдырдың тартқан үлкен сыйы деп білемін.

Ержан УӘЙІС,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР, ӨРКЕНДІ ЖОЛ

Жақында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өмір өткелдері» атты жаңа кітабы оқырмандар қолына тиді. Елбасы мен белгілі журналист, қоғам қайраткері Сауытбек Абдрахманов арасындағы сұхбатқа құрылған тың туындыны оқып шыққан зиялы қауым өкілдері өз ой-пікірлерін жолдаған болатын. Солардың бір парасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.



ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНА ҚОСЫЛҒАН ҚҰНДЫ ЕҢБЕК

Жуырда жарық көрген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өмір өткелдері» кітабын оқып шығып, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында бізге беймәлім тұстар көп екеніне көзім жетті. Оған қоса кітап өзінің жазылу стилімен, жанрымен қызықтырды.

Сұхбат кітапта халқымыздың бүгінгі бейбіт, бақауат өмірге қандайлық қиындықпен келгені ашып көрсетілген. «Сіздің өміріңіз жайындағы әңгіме ең алдымен жас оқырмандар үшін керек» деген екен сұхбат алушы Сауытбек Абдрахманов өз жазбасында.

Расында желкідеп өсіп келе жатқан жас буын өз елінің тәуелсіздік тарихының бастауындағы оқиғаларды, күрделі кезеңде қабылданған шешімдерді жетік білуі тиіс. Сондықтан Елбасы бұл кітапты жас казакстандықтарға арнаған. Өйткені тәуелсіздік құрдастары бүгінде үлкен өмірге аяқ басып, азамат болды. Алған білімінің игілігін көретін, өздері өмір сүріп жатқан уақыттың бағасын білетін жасқа жетті.

Бұған дейін «Әділеттің ақ жолы» атты кітапта Елбасы өз өмірбаянынан біршама деректер келтірген болатын. Арада ширек ғасыр уақыт өткен соң шыққан жаңа кітапта да Президенттің балдауырен балалық шақтан бастап бүгінгі биігіне дейінгі ғибратты ғұмыры

қамтылыпты. Бір анығы, Елбасының өмірбаянын елдің қалыптасу кезеңдерінен, тарихи оқиғалардан, тәуелсіздік жылнамасынан ажыратып ала алмайсың. Сондықтан аталған сұхбат тәуелсіздік тарихын зерттеушілер үшін де маңызды дерексөз саналады.

Елбасы кітаптың алғысөзінде «Менің тағдырым – бақытты тағдыр. Менің маңдайыма мына жарық дүниеге тарихтхн тар тұсында келудің, айналасы жарты ғасырдың о жақ, бұ жағында бүкіл әлемді төңкеріп түсірердей ғажайып өзгерістерді көрудің, жаңа мемлекет құрудың, сол ұлы істің басында тұрудың бақытын жазған екен» деп толғаныпты. Әсіресе, «Тәуелсіздік табалдырығында», «Егемендіктің елен-аланы» деп аталатын тарауларда Президент өзі көрген, өзегінен өткерген көп жайды терең сараптаған екен.

Кітап «Өмір жолым төселген тақтайдай тегіс болған жоқ, алдымнан талай кедергілер кездесті, олардың кейбірін заман қойды, кейбірін қоғам қойды, кейбірін адам қойды. Шүкіршілік, бәрінен де өтіп, бүгінгі күнге жетіп отырмын» деген ой түйінімен де құнды.

Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры.

ДӘУІР ТЫНЫСЫН ДӘРІПТЕГЕН

«Өмір өткелдері» атты кітапта Елбасы Н.Назарбаев журналист Сауытбек Абдрахмановқа өзінің «Адамзаттың бәрін сүй, бауырымен деп» еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы қалыптасу кезеңі жайында жан-жақты әңгімелеп беріпті. Сұхбат кітапты оқыған адам ескі дәуір мен жаңа заманның тоғысқан тұсындағы тарихи сәттерді бағамдауда қисынды ой, құнды дерекке қаныға алады.

Біздің балалық шағымыз Елбасы суреттеген кезеңмен тұспа-тұс келгендіктен онда айтылған адамдар бейнесі мен суреттелген оқиғалар социалықты таныс әрі ыстық. Ел-көп Марқайып та қаласын. Қысқасы, қазақтың астанасы болған барлық қалаларда тұрыппын. Қызылорда – балалығымын астанасы, Алматы – жастығымның астанасы, Астана – баршамыздың мәңгілік астанамыз!

Жандос БАЙДІЛДА,
журналист.
Астана қаласы.

СҮБЕЛІ ТҰЫНДЫҒА АЙНАЛҒАН СҰХБАТ КІТАП

Қолыма тиген жаңа туындыны – Елбасының сұхбат кітабын бір деммен оқып шықтым. Шығармашылық адамы болғандықтан, айтар ойы сүбелі дүниені іздеп жүретініміз бар.

Әдетте сұхбатты газет жанры ретінде қабылдаймыз. Әрі кетсе 6-7 сұрақпен қорытындыланатын сұхбаттар басылымдарға тән. Қолымыздағы жаңа кітаптың тұтастай сұхбатқа құрылғаны қызықтырмай қоймады. Басынан аяғына дейін еліміздің тарихына қатысты оқиғалар суреттелген соң бағасы тіпті арта түсті.

Уақыт дейміз бе, балкім тағдыр шығар тұтастай елдің жауапкершілігін Н.Назарбаевтай тұлғаның иығына жүктеді. Ғұмырбаяндық кітапта балалық шақ, мектептегі жылдар, Днепродзержинскідегі кезең, Теміртауда еңбек жолы, Қазақстан Магниткасындағы, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіндегі жылдар суреттелгенмен, негізінен Қазақстанның жаңа тарихы туынды өзегіне айналған. Зерделі оқырман ғасырлар тоғысындағы жылдар жүгінің қаншалықты ауыр

болғанын бағамдай алады.

«Өмір өткелдері» кітабы сұхбаттастар арасындағы әңгіменің әдемі өрліуімен, тәуелсіздікке қатысты тың деректердің ұсынылуымен, «Үшқан ұядан» «Нұрлы жолға» дейінгі тарихи оқиғалардың маңыздылығымен құнды. Сондай-ақ Елбасының өмір жолы мен қызметіне арналған бұрын жарық көрген кітаптардан дәйектемелер ұсынылуы туындының тұздықты болуына септігін тигізген. «Тажалды тұншықтыру», «Конституция үшін күрес», «Шекараны шегендеу» атты тарауларды оқи отырып, өзіміз куә болған осы тарихи кезеңдердің көпшілікке беймәлім болған тұстарына бойлады.

Жақсы кітап – жан азығы емес пе?! «Өмір өткелдері» жан дүниені байытып, рухани кемелденуге септігін тигізетін туынды болды. Тілі жатық, оқиғасы қызық кітапты жас та, жасамсы та тез түсініп, қорытынды жасай алады деп ойлаймын.

Бегімбай ҰЗАҚБАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

ТАРИХЫҢДЫ ТАНЫП ЖҮР

Жуырда «Денсаулық үйіндегі» дін мәселелерін зерттеу орталығында Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Қазақ елінің қалыптасуындағы салт-дәстүр ұштастығы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Шара мақсаты – келешек ұрпаққа мәнді тәрбие беруді салт-дәстүрімізбен ұштастыру және өткен тарихымызды жастарға аманат етіп тапсыру. Шараға «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің наиб имамы Б.Арынов, дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Б.Камалов, Қорқыт ата атындағы ҚМУ аға ғылыми қызметкері Б.Оспанов және басқа да ғылыми қызметкерлер қатысты. Жалпы дөңгелек үстелге қатысушылар Қазақ халқының тарихын білу ұрпақ үшін маңызды екеніне насау аударды.

Жиын қорытындысында қатысушылар БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берумен қатар, біршама пікірлерді ортаға тастады.

Айжан БОХАН,
Сүлеймен Демірел университетінің студенті.

1991 жыл. Алматыдағы Республика алаңында 1 мамыр – Халықтар достығы мен ынтымағы мерекесі салтанаты өтіп жатты. Мінберде Президент Нұрсұлтан Назарбаев, сол кездегі вице-президент Ерік Асанбаев, басқа да мемлекет басшылары еңбекшілердің мерекелік шеруін қабылдап, қол бұлғап тұр. Осыдан бір апта бұрын Алматыдағы дәрігерлердің білімін жетілдіру институтына келіп, хирургия саласынан дәріс алып жатқанбыз. Одақтың кезі. Көршілес туысқан елдерден келген қырғыз Болат, түрікмен Мұстафа, украин Петро, беларусь Данил атты әріптестеріммен бірге Алматының орталық алаңында қидырыстап, мінберге жақындау барып тұрғанбыз. Оған себеп болған одақтас елдерден келген әріптестерімізін: «Сіздердің Президенттеріңізді біздің елімізде мақтайды. Сол кісіні жақындап барып көрейікіші», – деген өтініштері еді.

Мерекелік шерудің аяғына таман Нұрсұлтан Әбішұлы мінберден түсіп, көпшілік жанына келіп, қол алысып амандық-саулық сұраса бастады. Кімешекті кейуанаға қос қолын ұсынып, күлімсіреп: «Апа, қуаттымысыз? Мерекеніз құтты болсын!», – деп амандасып, арқасынан қақты. Сол жолда тұрған біздермен де қол алысып, амандасып өтті. Сол кездегі жүзінен шуақ шашылған Елбасының кеменгер тұлғасы менін жадымда сақталып қалды. Шығыс халқында: «Ел басқарған патша тегін болмайды. Оның бойында киелі қасиеттері болады», – дегеніне содан кейін көзім жетті. Елге оралған соң: «Мен Елбасымыз Н.Назарбаевпен қол алысып амандастым», – деп мақтаныш сезімімен айтып жүрдім. Сол амандасудың шарапаты ма,

АҚМЕШІТТЕН АСТАНАҒА ДЕЙІН

Астанада жүргеніме де табаны күректей 3 жыл болыпты. Астанада жүріп отбасын құрдым, Астанада жүріп ұлды болдым. Адам мұндай қуаныштарды басынан өткерсе, қай қаланы болмасын бауырына басып, жанына жақын тартып кетеді екен. Өзім Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шаулімше дейтін төбенің жанындағы алаңдайда ғана ауылда өскен қазақтың баласымын. Мектеп бітіргенше ауданнан асып ешқайда шыққаным жоқ. Мектеп бітірген соң Алматыдағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға оқуға түсіп, Қызылорда қаласын сол күйі көре алмай кеттім. Оқушы кезімде облыстық телеарна мен «Сыр бойы» газетінен қала туралы мәліметке қанық бол өстім. Бірақ астана болған Ақмешітті аралап көрмеген едім.

Оқуға түскен соң өзара «Қайдан боласың?» деген сұрақтың болатыны заңды. «Қызылордаданмын» деймін. Сұрақтың артынан сұрақ туады. «Қызылорда қандай қала? Әлемі ме? Тал жоқ дейді ғой. Тек күріш егесіңдер ме?» деген сыңайда қытығына тиетін сұрақтарды жаудырады. Сонда «Сенесіңдер ме, мен Шиеліденмін, бірақ Қызылорда қаласын өмірімде көрген емеспін. Жасыл желек пе, құм суырып тұр ма, баяу көп пе, әлде жазық дала ма, оны мүлде білмеймін» дегенде барлығы танғалады. Құдды бір Арабияда туып, жажылыққа бармаған мұсымандай күйі кешетінімін. Үйішіші күрсө оқып жүргенде жездем Шиеліден қалаға көшіп, соны сылтауратып тұңғыш рет бардым.

Оқуды бітірген соң, «Алматы ақшамы»

БАСТЫ БАҒДАР

Қазақстан мемлекетінің басқарлармен терезесі тең, тұғыры биік, іргелі ел болуы жолында тікелей саяси және экономикалық байланыстар нығайтып келеді. Осындай мемлекеттің азаматы болу – үлкен мақтаныш. Оның экономикалық және рухани байлығы нығайту, қауіпсіздігі мен қорғаныс қуатын күшейту – баршаның қасиетті борышы. Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру бір мақсат, бір мүддені көздеп отырған барша қазақстандықтардың ой-арманымен үндесіп отыр. Бұл идея – елдің біріктіруші күші, ешқашан тасуылмас қуат көзі. Мәңгілік Ел болу мәселесі және Нұрлы Жолда атқарылуға тиіс іс-шаралардың бәрі де ең алдымен халық санасына сіңірілуі тиіс. Еліміздің күші де, қуаты да, болашағы да – жастар. Жастарға еліміздің экономикасын көтеруде, қоғамдық тұрақтылық пен ел бірлігін сақтауда бар күш-жігерін аямай еңбек етіп, құлашын кеңінен сермеуге барлық мүмкіндіктер туындап отырғаны белгілі. Мәселен, “Мәңгілік Ел” ұлттық идеясы мен “Қазақстан-2050”

көрінісі. Ең бастысы, Елбасымыздың сарабдал саясатының қол жеткізген биік белестері.

«ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу мәртебесіне ие болу – тәуелсіз еліміздің абыройы мен салтанаты. Бұл – ауқымды шараларды өткізе алатын Елордамызды әлемге тағы бір мәрте мойындату.

Қазақстанның ертені жарқын, халқымыздың мұрат-мүддесі айқын, болашақ баспалдағын қалыптастырудағы еңбегі жемісті, барша бастама-талпыныстары баянды болғай!

Б.БЕКМАМБЕТ,
Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры

газетінде тілші боп қызмет атқардым. Бес жылға жуық сол газетте еңбек етіп, студенттік өмірді қосып алғанда 9 жылдай жүріппін. Астанаға кетерде жүрегімнің жартысы сол қалада қалып қойғандай болды. Қызылордада балалығым қалса, Алматыда аңғалдығым, алғашқы іске араласып тәжірибе жинау сияқты ұмытылмас сәттерім қалды...

Сондай бір дәуренді артқа тастап, өзгерісті қаладым. Орысша «новый вызов» дейді ғой, түзексел деп ешкім күтіп отырмасы да Астанаға тарттым. «Астана суық алаңдары да суық. Зәулім ғимараттар, далаған көшелер ғана» деген пікірлерді жиі еститінімін. Ал мен Астанадан тау іздейтінмін. Алматыда аспан жаққа ауық-ауық қарап қалған әдетпен қоштасуға тура келді. Алматыдағы тау саған қорған болатындай, демеу беретіндей, сені үнемі бақылап, есеп алып тұратындай еді. Бірақ, кез келген жерде бақытты болу өзіне байланысты екен. Егер орта қалыптастыра алмасаң, жақын достар таппасаң Лондонды да, Парижді де жерсінбейсің деп ойлаймын. Қазір Астанада «Казконтент» АҚ-да El.kz дейтін жастарға арналған жоба редакторымын. «КазСпорт» арнасында матчтарды жүргізіп, комментаторлық қызметті де алып жүрмін. Өткен жылы жол түсіп, Қызылорда қаласына іссапармен барып, бірнеше ауданын аралап, қаламен де етене танысып қайттық. Қызылорда мүлдем өзгеріп кетіпті. Өрине, жасқы жағына. Қаладағы әртүрлі қызмет көрсету саласы дамып, ойын-сауық орталықтары жұмыс істеп, спорт алаңдары мен

кешендері салыныпты. Көшелер дұрысталған, көліктер көбейген, жаңа ғимараттар салынған. Халықтың әлеуметтік көңіл-күйі жақсарып, өмірге деген құлшынысы артыпты. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» тас жолы облыстың бойына қан жүгіртіп, халықаралық әуежай салыныпты. Логистика, коммуникация, бизнес және туризм... Қала мен аудандар осының бәріне ыңғайланып келеді екен.

Шынымды айтсам, елге оралып, жанымға жақын қызмет табылса Қызылорда қаласында тұруды да ойладым. Адам қай қалада, қай өңірде жүрсе де елге қызмет етсе, қай салада болмасын қасиет еңбек атқарса, сол ортада бақытты болады деп санаймын. Өйткені, адамды бақытты ететін оның амалы, жақсы әдеттері, таза ниеті деп түсінем. Сондықтан, Алматы болсын, Астана болсын, Қызылорда болсын, мен үшін бәрі бірдей. «Өркімнің туған жері – Мысыр шәрі» дейді ғой, Қызылордаға бүйрегім бұрып, сәғинатыным рас. Астанаға «Қайсар» футбол клубы келсе, мейлінше жібермеуге тырысамын.

Қызылордадан түлеп ұшып, Астанада жаксы қызметте жүрген жерлестер де өте көп. Марқайып та қаласын. Қысқасы, қазақтың астанасы болған барлық қалаларда тұрыппын. Қызылорда – балалығымын астанасы, Алматы – жастығымның астанасы, Астана – баршамыздың мәңгілік астанамыз!

Жандос БАЙДІЛДА,
журналист.
Астана қаласы.

Стратегиясын жүзеге асыру мақсатында “Болашақ”, “100 мектеп”, “100 аурухана”, “Балапан” бағдарламалары, білім беру мен денсаулық сақтауды дамытудың жүйесі, “Колжетімді баспана” секілді мәселелердің басты назарға алынуы Елбасының халыққа деген қамқорлығы деп санауға болады. Президенттің әр Жолдауы мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуына серпін беретін маңызды құжат болып табылады. Болашаққа бастар бағдар ұсынған Елбасы осындай қаламға нық барып отыр.

Біздің ендігі міндет – Елбасының халыққа Жолдауы мен ұсынған бағдарламаларын қапысыз іске асыру. Барша қазақстандықтардың ортақ Отанымыздың болашағына зор сеніммен қарап, қажырлы еңбек етуін басты мақсат санауымыз да сондықтан.

Сара АБДУЛЛАЕВА,
№136 мектеп мұғалімі.

Астана күні мерекесіне орай “Жастар ресурстық орталығы” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен “Чемпион” теннис клубында жұмыссыз жастар арасында сайыс өтті. Үстел теннисінен болған жарыста барлық топ белсенділігін танытты.

АСТАНА КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Шараның мақсаты жастар саясатының жүзеге асуына үлес қосу мен қатар жастардың белсенділігін арттыру, спортқа баулу болып табылады.

Жарысқа 20-дан астам жас қатысты. Тартысты сайыста қатарластарынан оза шығып 1 орынды

Астана күні мерекесіне орай тұрғындар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында “Жастар ресурстық орталығы” ҚММ-ның ұйымдастырауымен “Денсаулық акциясы” болып өтті. Акция барысында халық көп шоғырланған орындарда тұрғындарға тегін медициналық қызмет көрсетілді. Атап айтсақ, қан қысымы өлшеу,

қаннның құрамындағы глюкоза, ЭКГ, маммография, рентген, холестерин анықтау шаралары жүргізілді.

Аталмыш акцияның өтуіне денсаулық сақтау басқармасы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы мамандары айтарлықтай үлес қосты.

Жания КОШПАН,
Сүлеймен Демирел Университетінің студенті.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Шиеді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі,
120700, Шиеді көшесі, Т.Рысқұлов көшесі 6
үй, анықтамалық байланыс телефондары: 8(7242) 32-41577,
электронды пошта akimat.shied@mail.ru
«Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға оқпалық конкурс жариялайды:

1. «Шиеді аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі Е-Р-3 санаты, 1 бірлік. Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбекақысы 74313 теңгеден 99938 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Аудандық құрылыс бөлімі арқылы салынып жатқан және жаңадан салынатын әлеуметтік және инженерлік инфра-құрылымдары нысандарындағы жұмыстардың орындалуын қадағалау және олардың жобалық-металлик құжаттамасын, техникалық сәттемесінің жобасын дайындау ұсыну.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңы талаптарында айқындалған тәртіптен құрылыс, жобалық және басқа да жұмыстарды сатып алу үшін конкурстық тәсілмен мемлекеттік сатып алулар өткізеді. Жобалық-металлик құжаттамалар мен техникалық-экономикалық негіздемелерге тапсырыс беру алдында оған қатысты құжаттар пакетін жинақтап дайындайды. Құрылыс жүргізуші мекемелер мен ұйымдардың қызметтерін мемлекеттік реттеу жүргізеді. Аудан көлемінде құрылыстар салу, дамыту туралы бағдарламалардың іс-шараларын орындауды қамтамасыз етуге қолға жасайды. Құрылыс салысу жұмыстарына мемлекеттік реттеу жүргізеді. Бөлімнің бухгалтерлік есебінмен қаржылық есептілігін жүргізеді. Аудандық салық, статистика басқармаларына, қаржы, экономика бөлімдеріне тапсырылатын есептерді дайындайды, тоқсандық, жылдық бухгалтерлік есептемелерді жүргізеді. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының, облыс, аудан әкімдерінің қаулыларының орындалуын қамтамасыз етеді. Бөлімдегі еңбек өтілін анықтау комиссиясының жұмысын және қаржы, шаруашылық жұмыстарын үйлестіреді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары техникалық ғылымдар және технологиялар (құрылыс) немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (қаржы, экономика) білімі.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс.

1. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес.

2. Осы санаттағы нақты лауазымын функционалдық бағытына сәйкес облыстарда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы;

3. Жоғарғы және жоғарғы оқу орындарын кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғарғы оқу орындарында Шетелде қалдар дайлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басқа мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы.

4. Ғылыми дәрежесінің бар болуы.

2. «Шиеді аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Е-Р-4 санаты, 1 бірлік. Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбекақысы 56375 теңгеден 76235 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: 1. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бұйрықтары мен жиддық, тоқсандық және шапарларын жасап және оны жүзеге асырады. Сала жетекшілерімен бірлесіп отырып жұмыс атқарады. Бөлім бастығына уақытылы хабарлама, ұсыныстар дайындайды. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің іс-қағаздарын жүргізеді. Аудан мәдениет мекемелерінде еңбек тәртібін және жұмыс кестесінің сақталуы, жұмыс уақытының тиімді пайдалануын жолға қою, мамандардың сапалық құрмын жақсарту, оларды тұрақтылардың мақсатында жұмыс жүргізеді. Бөлім басшысының тапсырмаларын уақытылы және сапалы орындауын іске асырады.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының, облыс, аудан әкімінің, облыстық мәдениет басқармасы мен облыстық тілдерді дамыту басқармасының бұйрықтары мен қаулыларының мәдениет саласында орындалуына басшылық жасайды.

3. Қадр жұмысын ұйымдастыру жүргізеді. **Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Білім немесе өнер немесе гуманитарлық мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымын функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда білім беру немесе өнер және мәдениет мамандықтары бойынша ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

3. «Шиеді аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маман-бас есепшісі Е-Р-4 санаты, 1 бірлік. Лауазымдық жағдайы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 56375 теңгеден 76235 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер мен кәсіпорындардың бюджетінің атқарылуы туралы тоқсандық, жылдық бухгалтерлік теңгерімдерін, қаржылық есептерін, дебиторлық, кредиторлық есептерін қабылдау, дауыстығын тексеру, тапдау жасау, даму бюджетінің есебін жүргізу, аудандық коммунальдық меншігін жүргізу, аудандың коммунальдық меншігін тиімді және мақсатты пайдалану жөніндегі комиссиясының жұмыстарын ұйымдастыру, 1-ОЛ нысанында статистикалық есебін жүргізу, қадр жұмыстарын жүргізу, мұрағатқа қатысты жұмыстарды жүргізу, ағымдағы жұмыстар.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары экономикалық білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымын функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

4. «Қоғалы аудандық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әскери есеп столын жүргізу жөніндегі бас маманы(негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты) Е-Г-3 санаты, 1 бірлік. Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбекақысы 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: 1.Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарын, Үкіметтің Қаулыларын, облыс, аудан және аудандық округі әкімінің қабылдаған өкім шешімдерінің орындалуын жүзеге асырылуын

қамтамасыз ету.

2. Әскер қарына шақырылғандарды сараптамада өткізу, тиісті құжаттарды даярдау, әскер қатарына шығарып салу, сонымен қатар жастарды патриоттық отан сүйгіштік рухта тәрбиелеу. Әскери міндеттер мен әскерге шақырылғандарды есепке алуды ұйымдастырады. Ай сайын тіркелген немесе тіркелуден шыққан әскери борышкерлердің тізімін Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жолдау. Төтенше жағдайларды болдырмаудың алдын алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

3. Елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау. Елді мекен аумақтарында санитариялық тазалауды ұйымдастыру. Тиісті аумақта жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша карантинді немесе шектету іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау. Тиісті аумақта жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілетіннен кейін бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша карантинді немесе шектету іс-шараларын тоқтату туралы шешімдер қабылдау.

4. Аудандық ветеринария, ауылшаруашылық бөлімдерімен жұмыс жасау.

5. Статистика бөлімімен жұмыс жасау. Аудандық округтегі Үкіметтік емес ұйымдардың, аудандық жастар саясатының, мемлекеттік рәміздерді зерделеу, насихаттау және қолдану жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Білім (бастапқы әскери дайындық) немесе құқық (құқықтау) немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (қаржы, менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару, экономика) немесе ветеринариялық немесе техникалық ғылымдар және технологиялар мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымын функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білім беру (бастапқы әскери дайындық) немесе құқық (құқықтау) немесе қызмет көрсету, экономика және басқару (қаржы, менеджмент, экономика) немесе ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология (ветеринария) немесе байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар мамандықтары бойынша білімі барларға рұқсат етіледі.

5. «Орталық аудандық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық есебін жүргізу және әлеуметтік саланы дамыту жөніндегі жетекші маманы Е-Г-4 санаты, 1 бірлік. Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбекақысы 47406 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: 1.Қазақстан Республикасының заңдарын, Үкіметтің қаулыларын, облыс, аудан және аудандық округі әкімінің қабылдаған шешімдерінің орындалуын жүзеге асырып қамтамасыз ету.

2. Аудандық округі әкімінің шешімдері мен өкімдерін, қызметтік тапсырмаларын, ішкі еңбек тәртібі ережелері мен тәртіптерінің сақталуы және орындалуын қамтамасыз ету.

3. Аудандық округі әкімінің аппаратына на келіп түскен бақылаудағы хаттары мен іс қағаздарын сапалы орындау мен ҚР Заңдарында қаралған тәртіп пен мерзімде жұмыс жасаумен қатар ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын сарайптау және оған бақылау жасауды ұйымдастыру.

4. Аудандық округі әкімінің аппараты жаңында өткізілетін жиыналыс материалдарын жасауға қатысу, мәселелер ұсыну, заңдылықтарға сәйкес жұмыс жоспарларын әзірлеп аудандық округі әкімінің бөлігінде ұсыну мемлекеттік бағдарламаларын орындауына атсалысу.

5. ҚР Үкіметінің, облыстың немесе аудандың бекіткен мемлекеттік бағдарламаларының орындалуына атсалысу.

6. Статистикалық есептерді мерзімде және сапалы жинақталуын, тиісті мерзімде жолдану қамтамасыз ету. Әлеуметтік жұмыспен қамту 2020-жыл картасы бойынша қоғамдық жұмысшылардың жұмысқа қатысу тәбелі беру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, мемлекеттік және жергілікті басқару, менеджмент, қаржы, есеп және аудит) немесе құқық (құқықтау) немесе білім немесе гуманитарлық ғылымдар немесе техникалық ғылымдар және технологиялар бойынша жоғары білім немесе ортадан кейінгі қызмет көрсету, экономика және басқару (экономика, менеджмент, қаржы, есеп және аудит) немесе құқық (құқықтау) немесе білім беру немесе байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар немесе орта техникалық немесе кәсіптік білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

6. «Шиеді аудандық денешынықу және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы Е-Р-5 санаты, 1 бірлік. Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбекақысы 49969 теңгеден 67907 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: 1.Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, облыс, аудан әкімінің шешімдерінің орындалуына бақылау жасау.

2. Ұлттық, қолданбалы спорт және ұлттық ойындарының дамуына жағдай жасау, уәкілетті орғана осы спорт түрлерінің даму барысы жайлы мәліметтер беріп отыру.

3. Бөлімнің ұйымдастыру-әдістемелік ұсыныстарын жүзеге асырады, спорт түрлерін дамыту бойынша материалды талдап, қорытындылайды.

4. Спорттық іс-шараларды дайындайды және өткізуге қатысады.

5. Бөлімнің қадр есебін жүргізу, бөлімдегі құжаттардың құндылығын сарайптау, оларды реттеу, мұрағатқа тапсыру.

6. Салалық формаға байланысты статистикалық есеп жүргізеді.

7. Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша әлі сайынғы ақпаратты дайындап, бұқаралық ақпарат құралдарына ұсынып отыру.

8. Аудан тұрғындарымен мекеме қызметкерлері арасында Президенттік сынама өткізеді.

9. Азаматтардан келіп түскен өтініштерді орындау, тиісті орындарға мәлімет беріп отыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Білім (денешынықу және спорт) мамандығы бойынша жоғары немесе білім беру (ортадан кейінгі білім) мамандығы бойынша білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар: 1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес тоқтырылған сауалнамға;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулық туралы анықтамға;

6) Қазақстан Республикасы азаматтың жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тәсілденген өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және бөделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, міндемелерде, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды беру алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тізімінде мұқабала орналастырылған құжаттарды қолама-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде беру алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық пошта мекен-жайына электронды түрде беру алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесеу басталғанға дейін **бір жұмыс күні бұрын** кешкіршілері береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») сонғы жарияланған күннен бастап **он жұмыс күні ішінде** «Шиеді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120700, Шиеді көшесі, Т.Рысқұлов көшесі, 6 үй, №12 кабинетке қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап **екі жұмыс күні ішінде** әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Шиеді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (Шиеді көшесі, Т.Рысқұлов көшесі, 6 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап **бес жұмыс күні ішінде** өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешкіршілері персоналды басқару қызметіне (қадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару (қадр қызметі) қызметі бөліміне жеке басы куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымын функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылау бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік қызметші лауазымына үміткерлерҚазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Қокшетау, Павлодар, Тараз, Оскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған және Шымкент қалаларындағы аймақтық тәсілдеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-Р-3 - санаты үшін тәсілдеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тете (20 тапсырма), логикалық тест (10 тапсырма), Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Е-Р-4, Е-Р-5, Е-Г-3, Е-Г-4 санаттары үшін тәсілдеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тете (20 тапсырма), логикалық тест (10 тапсырма), Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Е-Р-4, Е-Р-5, Е-Г-3, Е-Г-4 санаттары үшін тәсілдеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тете (20 тапсырма), логикалық тест (10 тапсырма), Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (ағымдағы өтетін жерге келу және қайту, тұрақты жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Шиеді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

● БРИФИНГ

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары Ғалымжан Солбеков, облыстық ветеринариялық бақылау басқармасының басшысы Ерсултан Амантайұлы және облыстық жұмылдары жұмыстары және дағдарыс жағдайындағы шұғыл талдау орталығының басшысы Жасулан Шынтаос БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді. Онда мамандар Жаңақорған ауданындағы ұсақ малдың қырғыл себептері мен оларға жүргізіліп жатқан емдеу шаралары жайында хабарлама жасады.

ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ МАЛ ШЫҒЫНЫ ЗЕРТТЕЛУДЕ

Жаңақорған ауданындағы «Ынтымақ», «Көбелдес» және «Аксентіргі» шаруа қожалықтарында 228 бас мал шығынға ұшыраған. Мамандардың айтуынша, олардың 90 пайызы уақ малдың төлдері. Мәселенің мән-жайын анықтау мақсатында арнайы комиссия құрылып, аталған шаруа қожалықтарына тексеру жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстары барысында облыстық ветеринариялық зертхана мамандары ауыраған малдардан жұқпалы ауруларға қарсы патологиялық үлгі және малға салынатын шөптен, судан, топырақтан үлгілер алды. Сараптама нәтижесі 10-15 күнде анықталады.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда ауырып тұрған малдардың клиникалық белгілері ретінде ауыз, танау қуыстарының шырышты қабаты қабынып, көбікті сілекей болып, арасында тынысы ауырлап жөтелуі байқалады. Мамандар малдың жаппай қырылуына ауа райының күрт ысып кетуі де әсер етуі мүмкін дегенді алға тартады. Атапқа байланысты малды салқын кезде жайып, күндіз көленкеде ұстаулы, бір отардағы мал басын 400-500-ден асырмауға кеңес береді. Қазіргі таңда ауырып тұрған малдарға антибиотиктермен және мал сарысуларымен ем-

деу жұмыстары жүргізілуде. Шығынға ұшыраған және әлі де кеселден айықпаған малдардың барлығы Шығыс Қазақстан облысынан, Ақтөбе және Павлодар облыстарынан әкелінген аяқ тұқымды уақ малдар.

Осы мәселеге байланысты ветеринариялық бақылау басқармасы тарапынан аталған шаруа қожалықтары тікелей бақылауға алынып, тиісті ветеринариялық-санитариялық зерттеу және емдеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 400953, 400954, person.kadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Қала әкімінің орынбасары (Е-1 санаты - 1 бірлік). Лауазымдық жалмақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 115954 - 156314 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:
ішкі саясат;
жетекшілік жасайтын салаларында инвестициялық саясат;
атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және басқа да азаматтық қоғамдық институттарымен, қоғамдық, діни бірлестіктермен және қозғалыстармен қарым-қатынас;
білім және ғылым;
денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру;
мәдениет;
еңбек және халықты әлеуметтік қорғау; миграциялық және демографиялық саясатты жүзеге асыру;
туризм және спорт;
бұқаралық ақпарат құралдары; тілдерді дамыту және қолдану;
ұлттық және жастар саясатын жүзеге асыру;

отбасы және әйелдер істерін, гендерлік саясатты жүзеге асыру, балаларды қорғау; халықты жұмыспен қамтуды және жаңа жұмыс орындарының құрылуын қамтамасыз ету;

жәрдемақылардың және тұрмысы төмен тұрғындарға төленетін өтемақылардың уақытылы төленуі;
көлеметке толмағандардың арасындағы қылмыспен күрес;
мемлекеттік органдардың жұмыс беруші бірлестіктерімен және кәсіподақтармен әлеуметтік серіктес ретіндегі қарым-қатынас;
сайлау және референдумдардың өткізілуін ұйымдастыру;
әлеуметтік-саяси процестер және ұлтаралық қатынастарды жобалау және зерттеу;

әскер қатарына азаматтарды шақыру және территориялық қорғанысты ұйымдастыру;
қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп;
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік тәртіп.
Жалпы жетекшілік жасау:
қалалық білім бөлімі;
қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі;
қалалық ішкі саясат бөлімі;
қалалық спорт және денешынықтыру бөлімі;
қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.
Өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру барысында қала әкімдігінің және қала әкімінің актілерімен құрылған төрағалық ететін комиссиялар, кеңестер, жұмысшы топтар және басқа да алқалы органдардың қызметтерін толық бақылау.

«Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 400953, 400954, person.kadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Қала әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі (кадр жұмысы) бөлімінің басшысы (уақытша, негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты жалмақы сақталмайтын демалыс кезеңіне) (Е-3 санаты - 1 бірлік). Лауазымдық жалмақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 78797 - 106345 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:
Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет қаулыларының, облыс, қала әкімдерінің өкім, шешімдерінің, облыс және қала әкімдері қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету.

Бөлімге жүктелген міндеттердің дер кезінде орындалуына жеке жауапкер болады, бөлім қызметкерлерінің міндеттерін бөледі және жұмыстарын үйлестіреді, тиісті атқарушылық және еңбек тәртібін қамтамасыз етеді, бөлім қызметкерлерін алуға және қызметтен босатуға ұсыныс береді, бөлім қызметкерлерінің кәсіптік деңгейін көтеруге шара көреді және олардың қамын ойлайды.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру, қайта даярлау және кезекті аттестациядан өтуін ұйымдастыру, қала әкімі аппаратының және қала әкімінің номенклатурасына кіретін басқа да мемлекеттік қызметкерлердің кәсіпорын басшыларының кадр қозғалысын реттеу.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен байланыс атырып кент, ауылдық округтер мен қалалық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың кадр жұмыстарын үйлестіру.

Конкурстық, аттестациялық және тәртіптік комиссиялардың жұмыстарын үйлестіру, аппарат басшысының бұйрықтарын дайындау.

Персоналды басқару бағытымен жұмыс жасау.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Құқық немесе білім немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;
2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;

